

**А. К. Досымбеков, Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру институтының магистранты**

*(Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы, Қазақстан Республикасы, Қарағанды қ.)*

### **Болашақ заңгерлерді даярлауда білім берудің заманауи технологияларын қолдану**

*Аннотация. Мақалада оқытуда ақпараттық технологияларды пайдалану қоғамдағы өзгерісті танып білуге және оларды тез қабылдауға мол мүмкіндік беретіндігі және білім алушының ой өрісінің дамуына, зерттеулік жұмыстар жүргізуіне ықпал ететіндігі қарастырылады. Қазіргі білім беру саласындағы оқытудың озық технологияларын меңгермейінше жан-жақты сауатты маман болу мүмкін емес. Жаңа технологияны меңгеру білім алушының интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік және көптеген адами қабілеттің қалыптасуына игі әсерін тигізеді.*

*Түйін сөздер: ақпараттық технология, ақпараттық-коммуникациялық технология, оқу процесі, жүйелік-шығармашылық, қызметтік-ізденістік.*

Құқық саласындағы болашақ мамандарын жаңа өрлеу заманында ақпараттандыру негіздерімен қамтамасыздандыру бүгінгі күннің кезек күттірмейтін мәселелерінің бірі. Себебі, біздің қазіргі өмір сүріп отырған кезең — ұлан-ғайыр әлеуметтік өзгерістердің дәуірі, ақпарат, техника және технология тасқыны кәсіпқой мамандарға жоғары кәсіби даярлық алуға мүмкіндік береді.

Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаевтың «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту — Қазақстан дамуының басты бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында: «Мен қазақстандықтарды ақпараттық технологияларды белсендірек игеруге шақырамын», — деп, компьютерлік сауаттану жөніндегі ауқымды іске азаматтарды, әсіресе, жастарды тарту қажеттілігі нақты айтылған және мемлекеттік қызметке жаңа қызметкерлерді қабылдау кезінде компьютерді, интернетті қолдана білу дағдысы міндетті талап болуға тиіс екендігі атап көрсетілген.

Қазіргі кездегі шапшаң жүріп жатқан жаһандану үрдісі әлемдік бәсекелестікті күшейте түсуде. Тіпті бірқатар дамыған елдерде бұл идея ұлттық қағидаға айналған. Сондықтан халықаралық ұйымдар әлем елдерінің бәсекеге қабілеттілігінің рейтингін анықтауға кірісті. Елбасы Қазақстанның әлемдегі бәсекеге қабілетті 50 елдің қатарына кіру стратегиясы атты Жолдауында: «Білім беру реформасы — Қазақстанның бәсекеге нақтылы қабілеттілігін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін аса маңызды құралдарының бірі», — деп атап көрсетті.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында: «Білім беру жүйесінің басты міндеті — ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау, оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу», — деп білім беру жүйесін одан әрі дамыту міндеттерін көздейді. Бұл міндеттерді шешу үшін, әрбір білім беру мекемедегі ұжымның, әрбір оқытушының күнделікті ізденісі арқылы, барлық жаңалықтар мен қайта құру, өзгерістерге батыл жол ашарлық жаңа практикаға, жаңа қарым-қатынасқа өту қажеттігі туындайды. Осы жайттарды ескере отырып қазіргідей жаһандану дәуірінде сабақ үдерісінде жаңа инновациялық технологияларды қолдана отырып сабақ өткізу білім алушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырады.

Білім беру үрдісін ақпараттандыру — жаңа ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы дамыта оқыту, дара тұлғаны бағыттап оқыту мақсаттарын жүзеге асыра отырып, оқу-тәрбие үрдісінің барлық деңгейлерінің тиімділігі мен сапасын жоғарлатуды көздейді.

Қазіргі заманда ақпараттық және бағдарламалық білім беруді қамтамасыз ету жетістіктері негізінде білім алудың ауқымды мүмкіндіктері туып отыр. Кез келген адам білім алу барысында білімнің сапалы болғанын қалайды. Бұл жерде ақпараттық

технологияның атқарар рөлі ерекше. Осы негізде болашақ заңгерлерді даярлауда ақпараттық технологияларды қолданудың маңыздылығын саралап көрсетуге болады:

– ақпараттық технология арқылы оқытудың маңыздылығы бұл ғылымның тек ЭЕМ-ді пайдалану мүмкіндіктері мен олардың жұмыс істеу принциптерін түсіндіріп қана қоймай, қоғамдық өмірде және адамдар арасында ақпараттарды кеңінен тарату заңдары мен тәсілдері туралы түсінік береді;

– ақпараттық технологияларды пайдалану болашақ заңгерлердің белгілі бір ақпаратты жинау, дайындау және өңдеу жұмыстарын жеңілдетіп, жобалау және ғылыми-зерттеу жұмыстарын жылдам жүргізуге мүмкіндік береді.

Білім беру мекемелерінің пән оқытушылары үшін мазмұндық құрылым келесі деңгейлер негізінде анықталады:

*1. Педагог мамандардың қызметіне ақпараттық-коммуникациялық технологияны қолдану бағытындағы элементарлы-бейімделген деңгейі.* Бұл деңгейде келесі мазмұндар қарастырылады: компьютермен және оның құрылғыларымен жұмыс жасау техникасы; компьютерлік техниканы қолдану мүмкіндіктері; оқу процесіне қолданбалы бағдарламалық құралдарды қолдану дағдылары; білім беруді ақпараттандыруды нормативтік-құқықтық жағынан қамтамасыз ету; ақпараттық технологияны білім беру жүйесіне енгізудің тұжырымдамалық негіздері; білім беруді басқару жүйесіндегі ақпараттық технологиялар және т. б.

*2. Қызметтік-ізденістік деңгей.* Мұнда педагог мамандар ақпараттық технологиямен жұмыс жасау негіздерін практикалық түрде меңгереді. Сондықтан мұнда жұмыс орындарын автоматтандыру процесін құру технологиясы және мультимедиялық электрондық оқу құралдарын жасақтау алгоритмі; білім беруді ақпараттандырудың теориялық негіздері; білім беру жүйесіне ақпараттық технологияларды енгізудің психологиялық-педагогикалық негіздері; педагог мамандардың біліктілігін көтеру жүйесіне ақпараттық технологиялардың мүмкіндіктерін қолданудың дидактикалық шарттары; ақпараттық технология негіздерін оқытуда жобалау және интерактивтік әдістерді қолдану негіздері; оқу процестерін ақпараттандыруды дамыту технологиясы сияқты мәселелер қозғалады.

*3. Жүйелік-шығармашылық деңгей.* Мұнда келесі мәселелер қарастырылады: электрондық оқу-әдістемелік құралдарын жасақтау алгоритмі; автоматтандырылған жұмыс орнын жасақтау технологиясы; оқыту әдістерін жетілдіру және т. б. Сонымен бірге педагог мамандардың біліктілігін және курстың сапалық өлшемін айқындайтын компьютерлік тест сұрақтарын құрастыру алгоритмі түсіндіріледі.

Ақпараттық технологияларды қолдану мақсаты оқыту процесінің барлық оқушыларына анық, жеткілікті және дер кезінде мақсатты, мазмұн міндетін, дидактикалық әдістер мен тәсілдерді, кәсіби дайындықтың жоспарланған сапасына жету үшін сәтті оқыту және осы үрдісті оқытушы жағынан жүргізу болып табылады.

Сондықтан білім беру жүйесін жетілдіру шараларына, ондағы ақпараттық технологияларды қолдану мәселелеріне әлеуметтік тұрғыдан қарап, халықтың рухани байлығын арттыруға себеп болатын негізгі мәселе деп қарау керек.

## **РЕЗЮМЕ**

В современном мире происходит бурное развитие информационных технологий. Их применение в учебных заведениях позволяет оптимизировать процесс обучения. Юрист нового поколения применяет информационные технологии для решения таких задач, как получение правовой информации, подготовка правовой информации для других, осуществление взаимного обмена ею с целью повышения эффективности профессиональной деятельности.

## **RESUME**

In the modern world there is a rapid development of information technology. Their application in educational institutions allows to optimize the learning process. A new generation

of lawyer uses information technology to solve such problems as obtaining legal information, preparing legal information for others, the implementation of mutual exchange of information, improving the efficiency of professional activities.